

**Жаңабекова А.**

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми  
қызметкері, ф.ғ.д.

Қазақстан

**Салимова А**

Гумилев атындағы Еуразия университетінің 2 курс магистранты  
Қазақстан

## **ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖИІЛІК СӨЗДІКТЕРІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ**

Қазақ тілінде 70-жылдары Қ.Бектаевтың басшылығымен және жетекшілігімен А.Қ.Жұбанов, С.Мырзабеков, А.Белботаев, Ә.Ахабаев т.б. зерттеушілер жиілік сөздіктер құрастыру ісімен айналысып, Абай тілі сөздігінің жиілік сөздігі, М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар тексінің жиілік сөздіктері, сонымен қатар, ертегі тілінің, публицистика тілінің, математика терминдерінің жиілік сөздіктері жарық көрді.

Осы жиілік сөздіктерден кейін қазақ тілінде жиілік сөздіктер құрастыру ісі тоқтап қалды. 2016 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы ТБИ Қолданбалы лингвистика бөлімі профессор Асқар Жұбановтың жетекшілігімен бұрын жарық көрген сөздіктердің басын біріктіру арқылы әртүрлі стильдерді қамтитын біртұтас жиілік сөздікті құрастырып, баспаға ұсынды [1]. Төменде сол жиілік сөздіктегі жиі кездесетін сөздердің бастапқы бөлігінен үзінді береміз. Қазақ тілінің жиілікті-әліпбилі сөздігінен» жиілігі 10 000-нан жоғары сөздер мыналар. ***1-кесте.***

Көріп отырғанымыздай, ***бол*** және ***деетістіктерінің*** жиілігі өте жоғары. Жиілік бойынша жоғары қолданысты ***есімдіктер, көмекші етістіктер, шылаулар*** құрайды.

Бүгінгі таңда мемлекеттік тіліміздің қолданыс қызметін арттыру мақсатындағы заманауи қажеттіліктерге сәйкес қолданбалы бағыттағы ғылыми жобаларға ерекше мән беріліп отырғандығы белгілі. Бұл ретте 2016 жылы Білім және ғылым министрі Сағадиевтің тапсыруымен мемлекеттік тілді оқытудың тиімді әдістемесін жасау мақсатында лексика-грамматикалық минимумдар үшін қажетті қазақ тілінің жиілік сөздігін құрастыру ісі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына тапсырылған болатын. Осы тапсырма бойынша институт «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігін» құрастырды [2]. «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігін» құрастыруға көркем әдебиет, публицистикалық стиль, ғылыми, публицистикалық, сөйлеу стильдер мәтіндері қамтылған, яғни қазақ тілінің 5 функционалдық стилі сөздіктің базасын құрайды. 36 265 сөзтізбеден (сөз, лексикалық бірлік) тұратын бұл сөздік дәстүрлі сөздіктер түрлері болып табылатын үш түрлі құрылымда (Әліпбилі-жиілік сөздік; Кері әліпбилі-жиілік сөздік; Жиілікті-әліпбилі сөздік) жасалған. Сонымен қатар бұл сөздік

әрбір стильдер бойынша да «Таралым сөздігінде» (Распределительный словарь) жіктеліп берілген. Сонымен қатар неше түрлі сөз таптары мен стильдер бойынша түрлері электрондық нұсқада жасалған.

Кесте 1 - «Қазақ тілінің жиілікті-әліпбилі сөздігінен» үзінді

СӨЗ/сөз табы	Абсолютт і жиілік	Бір топ сөздің мәтінді қамту пайызы
бол/ет.	47716	2,2695
де/ет.	40178	4,1805
бұл/ес.	26338	5,4332
е/ет.	26122	6,6756
өз/ес.	23635	7,7997
кел/ет.	22566	8,8730
ал/ет.	22522	9,9442
ол/ес.	22262	11,0031
да/шл.	22013	12,0501
де/шл.	20282	13,0147
сол/ес.	17723	13,8577
мен/ес.	17341	14,6825
айт/ет.	16410	15,4630
бір/са.	15276	16,1895
бер/ет.	14691	16,8883
отыр/ет.	12382	17,4772
осы/ес.	11818	18,0393
жоқ/мд.	11415	18,5822
сөз/зт.	11309	19,1201
тұр/ет.	11022	19,6443
кет/ет.	10635	20,1501
жүр/ет.	10555	20,6522
бір/ес.	10344	21,1442

«Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігінің» жиілікті-әліпбилі сөздік түрінен ең жиі кездесетін жиілігі 20 000-нан жоғары сөздерден үзінді берейік. **2-кесте.**

Бұл сөздікте де **болкөмекші** етістігінің жиілігі басқаларына қарағанда өте жоғары. Бұл кестеден де көмекші **етістіктер, шылаулар** мен **есімдіктердің** жоғары қолданыстағы сөздер екендігін байқаймыз. Сонымен қатар жоғарыда берілген біріктірілген «Қазақ тілінің жиілік сөздігіндегі» көрсеткіштермен ұқсас.

Жиілік сөздік жасаудың әдіс-тәсілдері әртүрлі. Соның бірі – мәтінді сөзформалар сөздігіне түсіріп, сөзді түбірге келтіру. Екіншісі – мәтінді морфологиялық анализатор арқылы өткізіп, түбір мен оған қойылатын сөз табы белгісімен бірге автоматты жолмен алу. Біріншісі көп қол жұмысын керек етеді. Мұндайда қосымша жалғанғанда түбір сөздердің омонимдерін ажырату мүмкін болса, түбір формадағы сөздерге келгенде олардың сөз табына қатысын анықтау қиын болады.

Кесте 2 - «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілікті-әліпбилі сөздігінен» үзінді

<b>СӨЗ/сөз табы</b>	<b>Барлығы</b>
бол/ет	108133
ол/ес	62796
мен/шл	58406
де/ет	46200
ал/ет	43359
бер/ет	40295
және/шл	39765
кел/ет	34526
де/шл	33943
бұл/ес	32850
да/шл	32109
жыл/зт	30882
бір/ес	30288
өз/ес	29594
тұр/ет	28643
сөз/зт	26107
осы/ес	25995
адам/зт	25614
қазақ/зт	25069
айт/ет	23421
білім/зт	22915
үшін/шл	22598
кет/ет	22105
ел/зт	22098
отыр/ет	22038
қандай/ес	21378
екен/ет	21328
біз/ес	21267
сол/ес	20532

Екіншісі оңай, тез жүзеге асырылғанмен, жүз пайыздық шынайылықты бермейді. Бұл әдісте те омонимдер автоматты түрде ажыратылмайды.

Автоматты жолмен омонимдері ажыратылған жиілік сөздіктерді тек омоним ажыратылған мәтіндерден ғана алуға болады.

Осы орайда Қолданбалы лингвистика бөлімі қызметкерлері проза жанры (М.Әуезов, Ә.Кекілбаев т.б. ) бойынша 500 000 сөзқолданыстан тұратын мәтіндерге «қолдап» морфологиялық белгіленім қойып, сол мәтіннен, яғни сөз таптарына қатысы 100 пайыз дұрыстықты көрсететін мәтіннен жиілік сөздік құрастырады [3]. Осы шағын жиілік сөздіктің үзіндісімен таныс болайық.

Кесте 3 - Қазақ тіліндегі сөздің жиілікті-әліпбилі сөздігінен үзінді

Рет саны №	Сөз/Сөз табы	Абсолютті жиілік	Бір топ сөздің мәтінді қамту пайызы
1	2	3	4
1	<i>бол/ет.</i>	666	2,320
2	<i>де/ет.</i>	541	4,204
3	<i>еді/ет.</i>	479	5,873
4	<i>кел/ет.</i>	407	7,290
5	<i>бір/са.</i>	352	8,516
6	<i>ал/ет.</i>	335	9,683
7	<i>да/шл.</i>	334	10,846
8	<i>бұл/ес.</i>	299	11,888
9	<i>тұр/ет.</i>	240	12,724
10	<i>өз/ес.</i>	238	13,553
11	<i>де/шл.</i>	231	14,357
12	<i>сол/ес.</i>	231	15,162
13	<i>отыр/ет.</i>	224	15,942
14	<i>жат/ет.</i>	218	16,701
15	<i>ол/ес.</i>	215	17,450
16	<i>осы/ес.</i>	214	18,196
17	<i>көр/ет.</i>	193	18,868
18	<i>қал/ет.</i>	179	19,491
19	<i>үй/зт.</i>	178	20,111
20	<i>айт/ет.</i>	176	20,724
21	<i>бер/ет.</i>	171	21,320
22	<i>жоқ/мд.</i>	166	21,898
23	<i>күн/зт.</i>	166	22,476
24	<i>шық/ет.</i>	163	23,044
25	<i>кет/ет.</i>	161	23,605
26	<i>жүр/ет.</i>	144	24,107
27	<i>көз/зт.</i>	144	24,608
28	<i>жер/зт.</i>	143	25,106
29	<i>қара/ет.</i>	136	25,580
30	<i>іш/зт.</i>	135	26,050
31	<i>бала/зт.</i>	132	26,510
32	<i>бас/зт.</i>	131	26,966
33	<i>біл/ет.</i>	119	27,381
34	<i>көп/сн.</i>	118	27,792

Рет саны №	Сөз/Сөз табы	Абсолютті жиілік	Бір топ сөздің мәтінді қамту пайызы
35	<i>сөз/зт.</i>	115	28,192
36	<i>бар/ес.</i>	114	28,589
37	<i>ауыл/зт.</i>	113	28,983
38	<i>бар/ет.</i>	113	29,377
39	<i>мен/шл.</i>	113	29,770
40	<i>түс/ет.</i>	109	30,150
41	<i>үлкен/сн.</i>	109	30,529
42	<i>соң/шл.</i>	105	30,895
43	<i>қыл/ет.</i>	99	31,240
44	<i>бар/мд.</i>	98	31,581
45	<i>жақ/зт.</i>	97	31,919
46	<i>ат/зт.</i>	94	32,247
47	<i>екі/са.</i>	91	32,564
48	<i>ет/ет.</i>	90	32,877
49	<i>сал/ет.</i>	89	33,187
50	<i>қой/ет.</i>	88	33,494
51	<i>не/ес.</i>	86	33,793
52	<i>алды/ке.</i>	84	34,086
53	<i>ел/зт.</i>	84	34,378
54	<i>баста/ет.</i>	81	34,660
55	<i>өт/ет.</i>	81	34,943
56	<i>кісі/зт.</i>	79	35,218
57	<i>бірақ/шл.</i>	75	35,479
58	<i>мен/ес.</i>	74	35,737
59	<i>кір/ет.</i>	73	35,991
60	<i>ақ/сн.</i>	72	36,242
61	<i>қол/зт.</i>	71	36,489
62	<i>енді/ус.</i>	67	36,722
63	<i>жол/зт.</i>	67	36,956
64	<i>адам/зт.</i>	64	37,179
65	<i>бет/зт.</i>	63	37,398
66	<i>күл/ет.</i>	63	37,618
67	<i>қара/сн.</i>	63	37,837
68	<i>жалғыз/сн.</i>	61	38,049
69	<i>жан/зт.</i>	61	38,262

Рет саны №	Сөз/Сөз табы	Абсолютті жылдық	Бір топ сөздің мәтінді қамту пайызы
70	мал/зт.	61	38,474
71	гой/шл.	60	38,683
72	қас/зт.	60	38,892
73	тап/ет.	60	39,101
74	аз/сн.	59	39,307
75	үсті/ке.	59	39,512
76	жігіт/зт.	58	39,714
77	қарай/шл.	58	39,916
78	ғана/шл.	57	40,115
79	бас/ет.	56	40,310
80	және/шл.	56	40,505
81	тарт/ет.	56	40,700
82	қыз/зт.	55	40,892
83	күйеу/зт.	54	41,080
84	жас/сн.	53	41,264
85	жет/ет.	53	41,449
86	кез/зт.	53	41,634
87	қатты/сн.	51	41,811
88	тағы/шл.	51	41,989
89	шеше/зт.	51	42,166
90	керек/мд.	49	42,337
91	бой/зт.	48	42,504
92	тіл/зт.	48	42,672
93	жыл/зт.	47	42,835
94	уақыт/зт.	47	42,999
95	басқа/сн.	45	43,156
96	біз/ес.	44	43,309
97	суық/сн.	43	43,459
98	түс/зт.	43	43,608
99	әлі/үс.	42	43,755
100	ойла/ет.	42	43,901
101	түн/зт.	42	44,047
102	ақ/шл.	41	44,190
103	арт/ет.	41	44,333
104	қалың/сн.	41	44,476
105	әңгіме/зт.	40	44,615
106	жібер/ет.	40	44,754
107	мына/ес.	40	44,894
108	әйел/зт.	38	45,026
109	ки/ет.	38	45,158
110	көңіл/зт.	38	45,291
111	көш/зт.	38	45,423
112	тау/зт.	38	45,556
113	әке/зт.	37	45,684
114	жай/зт.	37	45,813
115	қазақ/зт.	37	45,942
116	қала/зт.	37	46,071
117	қар/зт.	37	46,200

Рет саны №	Сөз/Сөз табы	Абсолютті жылдық	Бір топ сөздің мәтінді қамту пайызы
118	тай/зт.	37	46,329
119	ара/зт.	36	46,454
120	аш/ет.	36	46,580
121	барлық/ес.	36	46,705
122	қызыл/сн.	36	46,830
123	сен/ес.	36	46,956
124	су/зт.	36	47,081
125	жақсы/сн.	35	47,203
126	орта/зт.	35	47,325
127	соқ/ет.	35	47,447
128	есті/ет.	34	47,565
129	жұрт/зт.	34	47,684
130	қайт/ет.	34	47,802
131	өзге/сн.	34	47,921
132	таста/ет.	34	48,039
133	күй/зт.	33	48,154
134	мін/ет.	33	48,269
135	ой/зт.	33	48,384
136	сияқты/шл.	33	48,499
137	сұра/ет.	33	48,614
138	ауыз/зт.	32	48,725
139	кітап/зт.	32	48,837
140	құлынишақ/зт.	32	48,948
141	ма/шл.	32	49,060
142	өл/ет.	32	49,171
143	сөйле/ет.	32	49,282
144	аяқ/зт.	31	49,390
145	бүгін/үс.	31	49,498
146	бірге/үс.	31	49,606
147	дәл/үс.	31	49,714
148	кім/ес.	31	49,822
149	қазір/үс.	31	49,930
150	топ/зт.	31	50,038
----	-----	----	-----
277	қайғы/зт.	17	60,045
278	қалай/ес.	17	60,104
279	құры/ет.	17	60,164
280	қыр/зт.	17	60,223
281	салқын/сн.	17	60,282
----	-----	----	-----
4515	істік/зт.	1	99,979
4516	іші-бауыр/зт.	1	99,983
4517	ішіп-же/ет.	1	99,986
4518	экономикалық/сн.	1	99,990
4519	январь/зт.	1	99,993
4520	япырай/од.	1	99,997
4521	япырау/од.	1	100
	<b>Барлығы:</b>	28710	

Бұл шағын сөздіктегі сөздердің жиілікті-әліпбилі сөздігі бойынша, **3-кестеде** мәтіннің 50 пайызын қамтитын жиі қолданылатын сөздер тізімі (150-ші топ деген сөзге дейін) толықтай берілген, ал 60, 70, 80, 90, 100 пайызын қамтитын сөздер үзік түрінде қысқартылған. Жиілігінің кему тәртібіне қарай сөздер 10 топқа топтастырылып берілген. Ең алғашқы топқа жиілік сөздіктегі ең жиі кездесетін «**бол**» етістігі мәтін ішінде **666 рет** қолданып, жалғыз өзі-ақ мәтіннің **2,320** пайызын қамтыған. **Бол** етістігінің ең жоғарғы жиілікті көрсетуі бұдан бұрын шыққан сөздіктерде де орын алған. **Бол** етістігінің жоғары жиілікті көрсетуі оның көмекші етістік болып, грамматикалық мағына үстеуші қызметімен тікелей байланысты деуге болады. Өйткені жиі қолданылу, грамматикалық абстракция жасайтын грамматикалық бірліктерге тән қасиет. Жиілік сөздікте **бол** етістігі сияқты жоғары жиілікте тұрған көп сөз осы көмекші етістіктер. Мысалы, *де, еді, кел, ал, тұр, отыр, жатыр, көр, айт, бер, шық, кет, жүр, бар, тұс, қыл, сал, қой, баста* т.б. Сол сияқты жиілік сөздікте шылаулардан *да, де, мен, бірақ, зой, қарай, гана, және, тағы* шылаулары, сондай-ақ есімдіктер (*бұл, өз, сол, ол, осы, бар, мен*) жиі кездескен. Бұл жиілік сөздік тек көркем шығарма мәтіндерінен алынғандықтан, термин сөздер аз, тіптен кездеспейді десе де болады.

Енді С.Сәдуақасұлының жиілік сөздігіндегі жиі кездесетін сөздердің бастапқы бөлігінен үзінді беру арқылы жоғарыдағы сөздіктермен салыстырамыз.

Кесте 4 – С.Сәдуақасұлы шығармаларындағы сөздің жиілікті-әліпбилі сөздігінен үзінді

№	Сөз	Абсолютті жиілік	Қатынастық жиілік	Қосынды қатынастық жиілік	Бір топ сөздің мәтінді қамту пайызы
1	бол/ет	3633	0,02757	0,02757	2,75670
2	де/ет	3188	0,02419	0,05176	5,17574
3	қазақ/зт	1686	0,01279	0,06455	6,45506
4	ол/ес	1574	0,01194	0,07649	7,64941
5	ал/ет	1422	0,01079	0,08728	8,72841
6	да/шл	1338	0,01015	0,09744	9,74368
7	бұл/ес	1302	0,00988	0,10732	10,73163
8	кел/ет	1302	0,00988	0,11720	11,71958
9	бір/ес	1270	0,00964	0,12683	12,68325
10	біз/ес	1213	0,00920	0,13604	13,60367
11	керек/мд	1157	0,00878	0,14482	14,48159
12	айт/ет	1151	0,00873	0,15355	15,35496
13	де/шл	1087	0,00825	0,16180	16,17977
14	осы/ес	941	0,00714	0,16894	16,89380

№	Сөз	Абсолютті жиілік	Қатынастық жиілік	Қосынды қатынастық жиілік	Бір топ сөздің мәтінді қамту пайызы
15	жок/мд	938	0,00712	0,17606	17,60555
16	отыр/ет	909	0,00690	0,18295	18,29529
17	жер/зт	879	0,00667	0,18962	18,96227
18	еді/ет	864	0,00656	0,19618	19,61787
19	мен/шл	820	0,00622	0,20240	20,24008
20	сөз/зт	813	0,00617	0,20857	20,85698
21	өз/ес	810	0,00615	0,21472	21,47161
22	көп/сн	769	0,00584	0,22055	22,05512
23	бар/ес	747	0,00567	0,22622	22,62194
24	бер/ет	743	0,00564	0,23186	23,18572
25	бәрі/ес	685	0,00520	0,23705	23,70550
26	ауыл/зт	668	0,00507	0,24212	24,21237
27	жүр/ет	631	0,00479	0,24691	24,69117
28	екен/ет	608	0,00461	0,25153	25,15252
29	тұр/ет	599	0,00455	0,25607	25,60704
30	қал/ет	591	0,00448	0,26055	26,05548
31	емес/ет	587	0,00445	0,26501	26,50090
32	шық/ет	577	0,00438	0,26939	26,93872
33	біл/ет	573	0,00435	0,27374	27,37351
34	кет/ет	571	0,00433	0,27807	27,80678
35	сен/ес	552	0,00419	0,28226	28,22564
36	жат/ет	548	0,00416	0,28641	28,64145
37	жұмыс/зт	547	0,00415	0,29057	29,05652
38	ел/зт	542	0,00411	0,29468	29,46778
39	күн/зт	525	0,00398	0,29866	29,86615
40	іш/зт	519	0,00394	0,30260	30,25996
41	мен/ес	507	0,00385	0,30645	30,64467
42	адам/зт	481	0,00365	0,31010	31,00965
43	қара/ет	474	0,00360	0,31369	31,36932
44	не/ес	474	0,00360	0,31729	31,72899
45	сол/ес	461	0,00350	0,32079	32,07879
46	орыс/зт	435	0,00330	0,32409	32,40887
47	көр/ет	423	0,00321	0,32730	32,72984
48	шаруа/зт	419	0,00318	0,33048	33,04777
49	халық/зт	415	0,00315	0,33363	33,36267
50	іс/зт	408	0,00310	0,33672	33,67226
51	мәселе/зт	402	0,00305	0,33977	33,97730
52	үй/зт	402	0,00305	0,34282	34,28233
53	жас/зт	398	0,00302	0,34584	34,58433
54	жұрт/зт	396	0,00300	0,34885	34,88482
55	бірақ/шл	384	0,00291	0,35176	35,17619

№	Сөз	Абсолютті жиілік	Қатынастық жиілік	Қосынды қатынастық жиілік	Бір топ сөздің мәтінді қамту пайызы
56	жак/зт	380	0,00288	0,35465	35,46453
57	нәрсе/зт	380	0,00288	0,35753	35,75288
58	қол/зт	378	0,00287	0,36040	36,03970
59	үлкен/сн	378	0,00287	0,36327	36,32652
60	ұйым/зт	374	0,00284	0,36610	36,61031
61	екі/са	370	0,00281	0,36891	36,89107
62	жол/зт	366	0,00278	0,37169	37,16879
63	туралы/шл	359	0,00272	0,37441	37,44119
64	түс/ет	358	0,00272	0,37713	37,71284
65	сал/ет	357	0,00271	0,37984	37,98373
66	көз/зт	355	0,00269	0,38253	38,25310
67	қыл/ет	349	0,00265	0,38518	38,51792
68	бар/ет	341	0,00259	0,38777	38,77667
69	бала/зт	327	0,00248	0,39025	39,02480
70	біреу/ес	322	0,00244	0,39269	39,26913
71	басқа/сн	312	0,00237	0,39506	39,50587
72	үшін/шл	311	0,00236	0,39742	39,74186
73	мал/зт	310	0,00235	0,39977	39,97708
74	тұрмыс/зт	308	0,00234	0,40211	40,21079
75	алды/ке	303	0,00230	0,40441	40,44071
76	оқы/ет	301	0,00228	0,40669	40,66910
77	сондықтан/шл	300	0,00228	0,40897	40,89674

С.Сәдуақасұлы шығармалары мәтіндерінің жиілік сөздігі бойынша да ерекше көзге түсетін басқа жиілік сөздіктермен ұқсас жайт – **бол** көмекші етістігінің жиілігі бойынша тағы да бірінші орынға шығуы. 4 сөздіктегі жиілік мәліметтерді салыстырсақ, **де** етістігінің жиілігі бойынша екінші орында тұруы үш сөздікте бірдей де, тек «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігінде» 4 орынға кеткен.

Басқа 3 сөздіктен С.Сәдуақасұлы шығармаларының жиілік сөздігіндегі үшінші орында тұрған сөз – **қазақ** сөзінің болуы жазушының осы сөзді жиі қолданғанын көрсетеді.

4 сөздікке де ортақ сипат – есімдіктердің (**ол, бұл, бір, біз, осы, өз, сол** т.б.) жоғары жиілікте кездесуі. Сонымен қатар 4 сөздікте де көмекші етістіктердің (**кел, кет, ал, отыр, тұр, жүр, бер, айт, көр, қал** т.б.) жиі қолданысы, яғни жиілікті сөздіктегі жоғарғы қатардан орын алуы. Сондай-ақ **да/де** шылауының жиі кездесетінде қатарында орын алуы да ортақ.

Жекелеген атауыш сөздерге келсек:

- 500 сөзқоланыстан алынған жиілік сөздікте (негізінен М.Әуезов, Ә.Кекілбаев шығармаларының мәтіні) – **үй, күн, көз, бала, бас, сөз, ауыл, ат** сөздері;



- «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігінде» - *жыл, адам, қазақ, білім* сөздерінің жиі кездесуі;

- біріктірілген «Қазақ тілінің жиілік сөздігінде» - *сөз, күн, жер, үй, бас, адам, бала, халық* сөздерінің;

- С.Сәдуақасұлының шығармаларында – *қазақ, сөз, жер, ауыл, жұмыс, күн, адам, шаруа, халық, үй, іс, жұрт, мәселе, ұйым* сөздерінің жиі кездесуі байқалады.

Сонымен қатар сын есім сөздерден барлығына ортақ жиі кездесетін сөз – *көп* және *үлкен* сөздері.

Бұл сөздіктердегі атауыш сөздерге қатысты жиі кездесетін ортақ сөздер – қазақ халқына жақын, маңызды ұғымдар екенін көреміз. Олар: *қазақ, сөз, жер, ауыл, үй, халық, күн, бала, ат, адам* т.б.

М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағы бойынша әртүрлі сөздіктер алу жұмысын ҚР ҰҒА-ның А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Статистика тобы 1986 жылы қолға алған болатын. Сол жұмыстың нәтижесінде «М.О.Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің жиілік сөздіктері» (22 баспа табақ) 1995 жылы жарық көрді [5].

Кесте 5 –М.Әуезовтің 20 томдық шығармаларының жиілік сөздігінен үзінді

<b>СӨЗ/сөз табы</b>	<b>Барлығы</b>
бол/ет	38944
де/ет	31901
бұл/ес	22893
е/ет	21649
өз/ес	20471
да/шл	18254
ал/ет	17958
кел/ет	17797
де/шл	17293
ол/ес	17269
сол/ес	15599
мен/ес	14717
айт/ет	14273
бер/ет	11925
бір/ес	10293
бір/са	10244
отыр/ет	10082
тұр/ет	8742
сөз/зг	8575
кет/ет	8571
жүр/ет	8536
шық/ет	8221

СӨЗ/сөз табы	Барлығы
қал/ет	7974
көр/ет	7628
бар/ет	7378
көп/сн	7302

Тізбедегі 29483 сөз (жалқы есімді қоспағанда) жиіліктерінің кему ретімен орналасқан.

Бұл жиілік сөздікте де бірінші орында «*бол*» етістігі тұр. Ол М.Әуезовтің шығармалар жинағының тексінде 38944 ретқайталанып кездеседі екен, бұл барлық текстің 2,28%-ін құрайды. Екінші орында «*де*» етістігі тексте 31901 рет кездеседі (1,87%). Осы екі етістік барлық текстің 4,15%-ін қамтитынын байқауға болады. Сөздіктегі осы сияқты ең жиі кездесетін әртүрлі сөздердің барлық сөзқолданыстың қанша процентін қамтитынын жиілік сөздіктен көруге болады. Тек қана тізбедегі алғашқы 10 сөз (*бол/ет., де/ет., бұл/ес., е/ет., өз/ес., да/шл., ал/ет., кел/ет., де/шл., ол/ес.*) барлық текстің 13%-ін қамтиды. Ал осы сияқты сөздіктің бас жағында тұрған 31 сөз текстің 1/4-ін яғни 25%-ін, 174 сөз - 1/2-ін, яғни 50%-ін, 1292 сөз - 80%-ін қамтитынына көз жеткізуге болады.

Демек, М.Әуезовтің жиілік сөздігіндегі ең жиі қолданылатын сөздер жоғарыда салыстырылған 3 сөздік және С.Сәдуақасұлының шығармаларының жиілік сөздігімен ұқсас болып келеді.

Сонымен қатар жоғарыда аталған барлық сөздікте сөз таптарына қатысты мына жайтты аңғаруға болады. Ол – *зат есім, етістік, сын есімдердің* жиі кездесуі. С.Сәдуақасұлы шығармаларында *есімдіктер* сын есімдерге қарағанда мәтінде жиі кездескен. Сондықтан тұрақты жоғары жиілікті зат есімдер мен етістіктер алып тұр деп тұжырымдауға болады. Бұл деректерден қазақ тілінің сөз байлығы зат есім мен етістік сөздер екендігіне көз жеткіземіз.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Жұбанов А., Жаңабекова А., Карбозова Б., Қожахметова А. Қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016. – 665 б.
- 2 Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы, 2016. – 1472 б.
- 3 Қазақ сөзформа құрылымының жиілік сөздігі. – Алматы, 2019.
- 4 Бектаев Қ.Б., Жұбанов А.Қ., Мырзабеков С., Белботаев А.Б. М.О.Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің жиілік сөздіктері. Алматы-Түркістан, 1995. 346-б.